

**"Ауданның елді мекендерін көріктендіру, жасыл желекті тәртіпте ұстау мен қорғаудың Ережесін бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2005 жылғы 26 қазандағы №18-2 шешімінің күшін жою туралы**

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2017 жылғы 2 наурыздағы № 9-6 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 14 наурызда № 3348 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Ауданның елді мекендерін көріктендіру, жасыл желекті тәртіпте ұстау мен қорғаудың Ережесін бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2005 жылғы 26 қазандағы № 18-2 шешімінің күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15 болып тіркелген).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихаты аппаратының басшысы М. Самбетовқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық  
сессиясының төрайымы:  
И. Тоғанбаева*

*мәслихат Жамбыл аудандық  
мәслихат хатшысы:  
Р. Бегалиев*